



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№3
(2174)
Сәрсенбі
10 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры Дихан Қамзабекұлымен «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұқбатын оқып шықтым.

Сұқбатта еліміздің ішкі – сыртқы саясаты, мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық дамуы, Қаңтар қасіреті, қоғамдағы тұрмыстық зорлық – зомбылық, атом станциясының құрылысын салу, тағы басқа да өзекті мәселелер кеңінен баяндалған.

Президентіміздің еліміздің білім саласына назар аударатынын бірден аңғаруға болады. Бұл сұқбатында да нақты айтылған. Мемлекет басшысы сұхбатында «Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «Жайлы мектептер» бой көтеруде. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды», - дейді.

Құнды сұхбатта ел басшысы елдегі алауыздық алыстап, жұмыла еңбекпен айналысқанда ғана еліміздің ұлт жандылығымыз бен еңбекқор халық екенімізді өзге елдерге паш ететінімізді нақтылаған.

Президентіміз еліміздің экономикалық тұрақтылығы, қымбатшылық пен несие мәселелері туралы да тұжырымды ой тоғытқан. «AMANAT» партиясының сайлауалды Тұжырымдамасы негізінде өміршең жобалардың жүзеге асып жатқандығы елді қуантатындығын айтқан.

Еліміздің өсіп – өркендеуі әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы. Сондықтан әрқайсысымыз елдің дамуына үлес қосуымыз керек.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» - дегендей, халық келешегіміздің жарқын болатынына кәміл сенеді.

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық
колледжі директорының оқу
жұмыстары жөніндегі
орынбасары,
Қазалы қаласы

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІМЕН МАҚТАНАДЫ



Жетпіс жылдық тарихы бар Қазалы аграрлы – техникалық колледжі түлектерімен мақтанады. Атап айтсақ, Ақжолов Рамазан Русланұлы колледжді 2023 жылы «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының «Техник-механик» біліктілігі бойынша бітірді. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ жеңіл автокөлікті жөндеуге қызыққан. Қызығушылығы

өзінің болашақ мамандығын таңдауға жетеледі. Сондықтан 2019 жылы Қазалы қаласындағы Қазалы аграрлы – техникалық колледжіне оқуға түсіп, өткен жылы қалаған мамандығының иесі атанды.

Рамазан колледжде оқумен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. 2022 жылы «Еліміздегі колледждердің ТОП-100 студенті» республикалық байқауына

қатысып, жеңімпазы атанды.

Рамазанның мамандығына қызығушылығын байқаған колледж директоры Мусаев Арман Қонысбайұлы, топ кураторы, әрі арнайы пән оқытушысы Өтегенов Өркен Садыбекұлы мен өндірістік оқыту шебері Сатаров Қуандық Амантайұлы шәкіртінің жоғарғы оқу орнына түсуі үшін өзімен, ата – анасымен, әжесімен сөйлесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде Рамазан Русланұлы бұл күнде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «6В07107 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығының II курс студенті.

Кез келген оқушы жүрек қалауымен мамандықты таңдағанда ғана, мақсатына жетеді. Рамазан біздің мақтанышымыз. Әрдайым жолың болсын, Рамазан!

Ш. ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
Қазалы қаласы

ТІЛ – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіл - ең асыл құндылық. Тіл жоғалса халықта жер бетінен жойылып кетеді. Тіл қай ұлттың болмасын тарихы, тәлімі мен тәрбиесі. Тіл халықпен бірге дамиды, өркендейді.

Абай атамyzдың «Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте» - дегеніндей өзге тілді әрқашан құрметтеген жөн. Тіл күнделікті қарапайым өмірде адамды бір-бірімен байланыстырушы құрал.

Қазіргі таңда әлемде 6700- ден аса тіл бар. Зерттеу барысында кейбір тілдердің жойылып кеткені айтылады. Қазір әлемде ең көп қолданылатын тілдердің бірі - ағылшын тілі. Біздің

елімізде тілді құрметтеу басты орында. Өзге тілді біліп, өз тілін білмеу өте ұят, қасірет. Сондықтан қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін күресіп жүрген белсенді азаматтар да аз емес. Ұлттың, халықтың болашағы – ана тілі.

Мемлекеттік тіл- мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастың барлық саласында қолданылатын болғандықтан барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Сол кезде ғана халықтың көпшілігі өз тілін меңгеріп, еркін сөйлеуге мүмкіндіктері болады.

Алға қарай даму үшін елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Ел болып, бесікті түзеймін деген ел азаматтары сауатты ұрпақ тәрбиелеп, олар өз ана тілінде еркін сөйлеуі керек. Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті және қорғауға тиіс.

Қазіргі уақытта байқап жүргеніміздей жастар өзге тілде сөйлеп, бір сөзбен айтқанда «шала» қазақ атанып жүргені рас. Сондықтан әрбір тіл жанашыры осындай олқылықтармен барынша пәрменді күресуі қажет.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ

Жалпақ жұртқа қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысының отты жылдарында майдан даласындағы жауынгерлер зұлым жауға қасқая қарсы тұрды. Сонымен бірге тыл еңбеккерлері мен еңбек майданы қатарына алынғандар «Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де Отан үшін!» ұранына үн қосып, Жеңіс күнін жақындатуға жанқиярлықпен үлесін қосты.

Қысталаң кезде кіндік кескен туған жері мен еңселі елінің тұғырын теңселтпей, сақтап қалу жолында еңбеккестігімен тамшылата тер төккендер сапында менің атам-Қапар Махшатұлы да болған. Ол Сырдарияның сол жағалауында қоныс тепкен «Интернационал» колхозында 1900 жылы дүниеге келген. Ержеткен соң шаруашылықтың қат-қабат жұмыстарына араласады. «Қарарық» каналын қазуға қатысады. Отау көтеріп, зайыбы Зылиха екеуі Бахи, Мәрке, Күлзипа, Каналбай атты перзент сүйеді. Ұл-қыздарын көз қуанышына балап, біреуден ілгері, біреуден кейін тірлік етіп жүргенінде соғыс алапаты басталып, еңбек майданына шақырылады. Қырықтың қырқасынан асқан жан отбасы және ағайын-туыстарымен қимай қоштасып, тағдырластарымен қоса қызыл вагонға мінеді.

Теміржол бойында апталап сапарлап, шаршап-шалдығып Ресейдің Челябинь облысы, Магнитогорск қаласына жетеді. Күтіп алушылар жаңадан келген қол күшін жедел қабылдайды. Олар түрлі өндіріс орындарына жіберіледі. Бұлар шаһар маңындағы орманға асығыс

жеткізіліп, ағаш дайындауға жұмылдырылған.

Табиғаттың қолайсыздығы деген мүлдем ескерілмейді. Қыстағы қақаған суықта да еңбек ырғағы ешқашан тоқтатылмайды. Күн сайынғы тапсырылған мөлшерлемені қайткенде де орындау-бұлжымайтын тәртіп. Оны бітірмегендер жұмысқа қайта жегіледі. Жатын орынға белгіленген казарманың да сиқы жоқ. Әбден ескірген ғимарат түнемелік азынап кетеді. Берілетін тамақтың құнарының сапасы төмен. Таң атқаннан күн батқанға дейін тыным көрмей, қозғалыс үстінде жүретін еңбекшілердің күш-қуатын арттырарлық нәрі әлсіз.

Адам қиындық үстінде шындалады. Қазалының «Жаңатұрмыс» колхозынан барған Жетеулі Айекешұлы мен Смағұл Жетесұлы үшеуі бір-бірінен көмегін аямады. Ағалы-інілік сыйластығын нығайтып, тонның ішкі бауындай араласады.

Бір жолы Жетеулі күтпеген жерден іші бүріп, ауырып қалады. Дәрігер келіп, ем-дом жасаса да шипа болмайды. Қайран қимас бауыр, ақырында ақиреттік мекеніне аттанып, сүйегі жат өңірдегі төбе қойнына тапсырылған.

1943 жылы Смағұл неміс-фашист басқыншыларымен арадағы соғысқа алынады. Онан бес жастай үлкендігі бар Қапар атам сол тұста біршама сырқаттанып қалады. Сонан ба, әлде жоғарыдағылар мұндағылардың құрамын азайтпаудың қамын көкседі ме, әйтеуір майдан шебіне ба-

рудан босатылады. Қарулы қақтығысқа қатыспаса да, тылдағы құж-құж қайнаған еңбек майданы мерзімін өсіп-өнген аймақтан алыстағы Ресей өлкесінде өткізеді. Магнитогорскідегі металл қорыту комбинатында жұмыс істейді. Басына түскен қиындықты қажыр-қайраты мен қайсарлығы арқылы еңсере жүріп, туған жерге 1948 жылдың көгілдір көктемінде есен-сау қайтып оралады.

Ауылға келгеннен кейін соғыстан соңғы ауыл шаруашылығы саласын қалпына келтіру жөніндегі бастамаға белбуа араласады. «Октябрь» колхозында бидай, күріш өсіріп, мал басын арттыруда үлгілі ісімен көзге түскен. Қажырлылығы мен еңбекқорлығы ескеріліп, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ұл-қыздарынан немере сүйіп, 1973 жылы қазіргі Бекарыстан би аулында өмірден озды. Мүрдесі «Базарқожа қорымына» жерленген.

Бекарыстан би аулының тұрғыны, көзі тірі соғыс ардагері Қабақ Смағұлов өткен кезең туралы толғана сыр шертіп:

– Қапар әкемнің қарындасы Зылиханың күйеуі. Әкем Смағұл, ауылдас ағамыз – Жетеулі үшеуі Магнитогорск қаласындағы еңбек майданының бел ортасында болды. «Тұз-дәм ғайып...» деген. Жетеулінің топырағы сол жақтан бұйырса, Смағұл өкем майдан төсінде шейіт кетті. Талқаны таусылмаған жездеміз

ортамызға жетіп, балаларының қызығын көрді. Апамды ертіп, Магнитогорскіге бірнеше рет барғанымды да ұмытқан жоқпын, – дейді.

Атамыздың сексеннің сеңгірінен асқан кенже қызы Күлзипа апам: «Сұрапыл соғыстың тақсіреті халыққа зілбатпан ауыртпашылық әкелді. Отбасының тірегі – әкеміз еңбек майданында жүргенде балалары шешемізді пана тұтып, сүйесіп күн көрдік. Сол уақытта кіші ініміз – Каналбай мезгілсіз қайтыс болып кетті. Әйтеуір артының қайырын беріп, әкеміз ел-жұртқа Жеңіспен оралды», – деп естелігімен бөлісті.

Жетпісінші жылдары мектептің жоғарғы класында оқып жүргенімде кейде атамнан: «Еңбек майданындағы хал-жағдайларыңыз қалай болды?» – деп сұрайтынмын. Сонда қабағы түйіліп, кеудесін көңілсіздік билеген ол: «Қарағым, басқа түскен баспақшыл» демекші пенде маңдайына салғанды көреді екен. Ондағы ауыртпашылық соғыстағыдан кем емес еді. Біраз адамдар ажал тырнағына ілігіп, көз жұмды. Кейінгі ұрпақтың басына мұндай жамандықты ешқашан бермесін!» – деп үнсіз отырып қалатын.

Мен сүйікті атамның сондағы ғибратты сөзін еске ала келе «Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай, бейбітшілік мәңгі жасасын!» деймін.

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан
Журналистер Одағының
мүшесі

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ӨСЕДІ

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы жобасына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 3 692 теңге мөлшерінде;

Ең төменгі зейнетақы 57 853 теңге;

Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) 43 407 теңге;

Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңге.

Жасы және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 9%-ға артады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК-ні (203 060 теңге) құрайды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 205-бабына сәйкес ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста

белгіленеді. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайызы (60 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап жалпы еңбек өтілі 30 жыл және одан жоғары болса, күнкөріс деңгейіне сәйкес ең жоғары базалық зейнетақы мөлшері 43407 теңгені құрайды. Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері, оның ішінде Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және түзеу мекемелерінде орналасқан адамдар үшін Кодексінің 177 және 236 – бап-

тарында көзделген мөлшерде 2024 жылғы 1 қаңтарда ЕТКД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (43407) теңге жоғарытылады. Мүгедектігіне байланысты жәрдемақы:

I топ – 95496 тг,

II топ – 76397 тг,

III топ – 52089 тг.

7 жасқа дейінгі бала мүгедегі – 69886 тг,

7 жастан 18 жасқа дейін I топ -95496тг, II топ – 79435тг, III топ – 69886тг.

Әскери қызмет атқару кезінде болған мүгедектерге I топ – 139771 тг, II топ -119370 тг, III топ – 100271 тг.

Мүгедек баланың күтіміне – 69886 тг, I топ мүгедек күтімі – 69886 тг төленеді.

Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы: бір балаға – 39935 тг, екі балаға -73792 тг, үш балаға – 97666 тг, төрт балаға- 112859 тг, бес балаға – 119370 тг, алты және одан жоғары балаға – 130221 тг.

Тұлдыр жетім бір балаға – 66847 тг, екі балаға – 133694 тг, үш балаға – 200541 тг, төрт балаға – 267388тг, бес балаға – 334234 тг, алты балаға – 401081 тг, жеті балаға – 467928 тг, сегіз балаға – 534775 тг төленеді.



НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ КӨРКІ ШАШЫМЕН АЖАРЛАНАДЫ

Шаш – әйелдерге Хауа Анамыз бен Бибі Фатима анамыздан берілген Алла Тағаланың ғажайып сыйы, құрметі, сәні, еншісі, сұлулығы. Ертедегі славяндар шаш арқылы Жерана мен Күн-әке әсер ететінін дәріптеген. Шаш арқылы Тәңірдің қалауын сезінуге болатынын есте сақтаған. Шаш тәндегі күш-қуатты сақтаушы құрал болған. Ұзын бұрым – көрік пен күш-қуаттың белгісі. Әйел үшін ұзын шаш тек көрікті болудың амалы ғана емес. Шаш әйелдің ішкі күш-қуатының деңгейін көрсететін өлшеуіш. Шашы ұзын әйел салмақты, сабырлы болады. Ертедегі әйелдер шашты ұзын етіп өсірген. Бұрым қылып өріп қоятын болған. Ұзын шашты әйел ақылды, көреген, күш-қуаты көп болған. Оның адамгершілігі мол, мейірім мен нәзіктігі басым болған. Қыздың ұзын бұрымы ерекше күш-қуат беріп, әйелдің тәні мен рухының мықтылығын сақтаған. Тұрмысқа шыққан қыздардың шашы екіге жарылып, қосбұрым болып өрілген. Яғни, ендігі жерде әйелдің күші екіге қақ жарылған. Енді ол әйел, әрі ана ретінде күш жұмсайды. Оның рухани күші тек өзіне ғана емес, отбасына, күйеуі мен балаларына да жұмсалады. Әйел заты шашқа аса ұқыптылықпен, сақтықпен қараған. Шашты күтіп, баптаған. Қазіргі таңда, шашты көркемдеудің көптеген түрлері бар. Қыз балалар арасында көркемдеудің кеңінен таралғаны - шашты жайып жүру десем қате болмас. Бірақ, шашты жайып жүрудің зияндарын бірі білсе, бірі білмесі анық. Бұрынғы заманда шашты жаулықпен жауып жүру дағдысы болған. Отбасын өте нәзік энергетика деңгейінде сақтап, қорғау үшін солай жасалынған. Қайғы-қасірет пен жаманшылықты солай қуған. Себебі, оның бәрі шаштың ұшына жабысып, үйге кіруі мүмкін деген ырым болған. Жайылған шаш – күш-қуатты бекер ысырап ету болып саналатын. Және де жыныстық қатынасқа ашық шақыру деп қабылданатын. Әрбір әйел өзінің рухани құмырасының толысуын шашына күтім жасай жүріп бақылап отырған. Шашын тек күйеуінің алдында ғана жайған. Бұрымды шешудің өзі ерекше маңызды болыпты. Шашын шешкен қыз жинақталған энергияны босатып жатыр деп есеп-

телген. Осы күнге дейін қыз жігітті ұнатып қалса, өрілген шашын сол жігітті ойлап отырып шешуі керек дейді. Со-сын жігітке жайылған шашын көрсетсе, ол жігіт қызға ғашық боп қалуы мүмкін.

Егер көпшілік жерге барсаңыз, шашты өріп жүріңіз немесе басыңызға баскиім киіңіз. Аурухана, сауда орталықтары, базарларға, дүкендерге, музей, театрларға барғанда, байқау, карнавальдарға, мерекелерге қатысқанда, бейіт басына барғанда шашты жауып жүру керек. Күш-қуатты сақтау үшін шашты өріп, не түйіп қойған абзал. Сонда әйел төзімді, сабырлы бола бастайды. Желкеге түйілген шаш әйелді жуас қылады. Өрілген шашты омыртқаның үстінен жіберіп қою табиғат ананың күш-қуатымен сусындауға мүмкіндік береді. Әйел омыртқадан өткен қуаттан нәзіктік алады. Егер шашты артқа қайыра тараса, әйел тез сабырлы боп, жаны жай табады. Әйелдер шашты оң жақтан бөлгені дұрыс. Сонда шашын солға қарата тарайды. Себебі, оң жақ еркектер қуатын жинақтайды. Сол жақ әйелдің қуатын жинастырады. Қуат тең түссін деген адам теңдей бөліп тараса болады. Сол жақтан бөлмеу керек.

Бұйра шаш әйелдің көркі. Бұйра шаштан құтылуға асықпаңыз. Шашыңызды өзіңіз өріп үйреніңіз. Сонда шаш тез өседі. Шаш иесі сұлу бола түседі. Егер маңызды жиналыс, кездесуге шашыңызды өріп барыңыз. Сонда жолыңыз болады.

Қызға шашты ұқыпты ұстау мен күту, көркемдеу мен сәндеу, кесу құпияларын білу өте маңызды болып табылса керекті. Славян-арий ведаларында «Шашты кеспе, денсаулық пен даналықтан айырыласың» деген сөз бар. Сондықтан славяндар шаш кеспеген. Тек «көз тиген» адамдар ғана шашын кескен. Жаман аурудан, жаман энергетикадан құтылу үшін, күнәсін жуып-шаю үшін солай істеген. Егер тағдырдың қиындығына төтеп берсеңіз, шашыңызды қиып, жаңа өмір бастауға болады. Әйелдер о баста шашын қысқа қылып кеспеген. Бұл әйелді қуат қайнарынан аластау екен. Сондықтан дұшпандары елді жаулап алған кезде ең бірінші бай-манаптардың әйелін ұстап, шашын қиып

тастаған. Әйелді күш-қуатынан айыру арқылы, күйеуін, әулетін жойған.

Қазіргі кезде әйелдер шашын қысқа қылып кеседі. Кескен сайын өзінің күш-қуатынан айырылатынын білмейді. Шашты өсірген кезде оның ұшын қиып, жөндеп отыру керек. Себебі, шаштың ұшына жаман энергия қонады. Бір айға бір-екі сантиметр қырықса, жеткілікті. Егер өткен айда қуаныш көп болса, онда шаштың ұшын қимаса да болады. Шаш қырқатын адамды мұқият таңдаған абзал. Себебі, шашты қырқу кезінде ол өзінің өмірлік тәжірибесінің бір бөлігін сізге сыйлайды. Әйелдер әйел шаштаразды таңдағаны жөн. Егер шаштаразыңыз сізден әлдеқайда жасы үлкен болса, сол жақсы. Себебі, ондай жанның тәжірибесі молдау, көргені көп. Соғұрлым тағдырыңызға әсері де күштілеу болады. Шаштараз көңілді, күш-қуаты көп, жақсылық тілейтін мейірімді адам болсын. Сонда оның сізге әсері игі болмақ. Шама келсе, кекіл қоюдан аулақ болған жөн. Ертеде маңдайды жабатын шаш өмір жолын, адамның негізгі мақсатын жауып қалады деп есептелетін.

Еркектердің әйел шаштаразға барғаны дұрыс емес. Әйел шаштараз жұбайының қуатын жоққа шығарып, күйеуді өзіне қаратып алуы мүмкін. Ең дұрысы еркектің шашын әйелі не шешесі қырқып беруі. Баяғы заманда әйелдерге әдейілеп шаш қиюды үйрететін болған. Кесілген шашты, не түскен шашты, тарақта қалғанын жерге көміп, не өртеп жіберген дұрыс. Сонда қуат далаға кетпейді. Шашты басқа біреулер жаман пиғылмен қолданып тастамасын десеңіз, сөйтіңіз. Баланың шашын бір жастан кейін кескен дұрыс. Шілде шашын сақтап жүрсеңіз, ол туралы ешкімге тіс жармаңыз. Толыса бастаған ай кезінде қырқылған шаш тез өседі. Ай кеміген кезде кесілген шаш түспейтін болады. Жүктілік кезінде шашты кесуге болмайды. Жүкті әйелдің шашына өзі мен баласына арналған күш-қуат жинақталады. Маңызды жағдайлар алдында шаш кеспеу керек. Тағдырға зиян тигізбес үшін.

Шаштың ең әдемі ұзындығы кеуденің орта

тұсындағы нүктеден асуы. Шашын ұзын қылып өсірсе, оның өмірінде жақсылықтар орын ала бастайды. Шаштың ұзындығы қабылданатын энергияның жылдамдығы мен санын анықтайды. Шаш ұзын болған сайын энергия көбірек болады. Сонда әйелге күнделікті күйбең тірліктерін орындау оңайырақ болады.

Шаш өсіру – ерекше әсемдік. Ұзын шаш өсіру оңай емес. Шаш әйелдің қуаты болғандықтан, оның ұзын болуын назардан тыс қалдырмау керек. Шаш өсірген кезде берілген уәде міндетті түрде орындалады. Мысалы, «Күйеуімнің байлығын арттыру үшін шашымды өсіремін» деп айтсаңыз, ол орындалады. Қысқа шаш еркектік энергияны көбейтеді. Сондықтан шашын кескен әйел ғаламның сыйын алуға шамасы жетпей, оларды отбасы үшін қолданудың жөнін таппайды. Оның үстіне әйелге тамағының тесігін, желкесін ешкімге көрсетпей жүру өте маңызды. Егер адамдар осы нүктелерге жаман көзбен қараса, сұқтанса, әйел ауырып қалуы мүмкін. Шаш керекті ұзындыққа дейін өскенше оны түйіп, буып, жіппен байлап, байланған жіпті жауырынға жететіндей етіп қою қажет.

Шаш бояу әйелдің энергетикасын өзгертеді. Оның тән мүмкіндігін өзгертеді. Әсіресе, бояу табиғи болмаса, онда химия шаштың түсін ғана емес, құрылымын да өзгертеді. Сол арқылы адамды белгілі бір ғаламшарлардың энергиясына байланыстырады. Бояған кезде шаш өзінің түсінен 1-2 реңкке ғана өзгеруі тиіс. Егер адамның шашы қара болмаса, онда қара түске боямаңыз. Сосын қып-қызыл түске де бояған зиян. Әйелдің бойындағы еркектік күштердің бас көтеруіне әкеледі. Шашқа үнді қынасы жақсы әсер етеді. Ол шашты нығайтып қоймай, құрылымын тазартады. Оны қолданған әйел жеңілденіп қалғанын бірден сезеді. Қынаны азғантай шаш бөлігіне жағып үйреніңіз. Қына мен басма ашық және ақ шашты жақсы бояйды. Лимон шырыны мен сіркесуын қосса, бояу қанық болады. Қара кофе немесе шарап қосылған қына шашты анағұрлым қанық етеді.

(Жалғасы бар)
Гүлшаһар ӘЙМІШОВА

**ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ
МӨЛШЕРІ ӨСЕДІ**

Жоғарыда аталған Заңға сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады, ал №1, №2 тізім бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақының бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы, бала бір жарым жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақысы және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) ұлғаюына байланысты арттырылады.

Бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы: төрт балаға дейін – 140296 тг, төрт және одан да жоғары бала туғанда – 232596 тг. бір жарым жасқа дейін бала күтіміне бірінші балаға – 21266 тг, екінші балаға – 25143 тг, үшінші балаға – 28983 тг, төртінші және одан да жоғары балаға – 32859 тг төленеді.

Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар, барлық көп балалы отбасыларға табысына қарамастан жәрдемақы төленеді.

Төрт баласы бар отбасыларға - 59183 тг, Бес баласы бар отбасыларға – 73988 тг, Алты баласы бар отбасыларға – 88793 тг, Жеті баласы бар отбасыларға – 103598 тг, Сегіз баласы бар отбасыларға – 118144 тг, Тоғыз баласы бар отбасыларға – 132912тг, Он баласы бар отбасыларға – 147680 тг төленеді.

Көп балалы ана «Алтын алқа», «Батыр ана», «1,2, дәрежелі Ана даңқы» орден иегерлеріне – 27321 тг, «Күміс алқа» алған аналарға – 23629 тг төленеді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 925 қаулысына сәйкес 2024 жылы 1 қаңтарынан бастап 7 % артатын болады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік қамсыздандыру бойынша Қазалы аудандық бөлімі қайта есептеу жұмыстарын толық жасады. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап есептелген жаңа төлем сомасы толығымен төленеді.

Т.ҚҰЛМҰРАТОВ,
Азаматтарға арналған үкімет МК
КЕАҚ Қызылорда облысы
бойынша филиалы Әлеуметтік
қамсыздандыру
бойынша Қазалы аудандық
бөлімінің басшысы

**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының басшыларының азаматтарды
қабылдау күндерінің кестесі**

№	Аты-жөні, тегі, лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен жайы, жұмыс телефоны
1	Ғ.Сарықұлов басқарма басшысы	сәрсенбі	16.00-18.30	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр №42. 8(72438) 21-5-18
2	М.Ршымбетова басқарма басшысының орынбасары	бейсенбі	16.00-18.30	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр №42. 8(72438) 21-5-18

**Дни приема граждан руководителями Казалинского районного
управления санитарно-эпидемиологического контроля**

№	Ф.И.О. должность	Дни приема граждан	Время приема граждан	Адрес, рабочие телефоны
1	Г.Сарыкулов руководитель управления	среда	16.00-18.30	Кент Айтеке би, Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18
2	М.Ршымбетова заместитель руководителя	четверг	16.00-18.30	Кент Айтеке би, Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18

**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
«Сенім телефоны»**

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны
1	ҚР ҰЭМ СЭББ, Қызылорда облысы СЭББ, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	8(72438) 21-5-18

**«Телефон доверия» управления санитарно-эпидемиологического
контроля Казалинского района**

№	Наименование органа	Телефон доверия
1	Республиканское государственное учреждение «Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Кызылординской области комитета санитарно-эпидемиологического контроля МЭРК	8(72438) 21-5-18

**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
«Ашық есік күндерін» өткізу кестесі**

№	Мекеменің атауы	Өткізу күні мен уақыты	Өткізу орны
1	Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	Әр айдың соңғы жұмасы сағ: 9.00-18.00	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр көшесі №42 үй

**График проведения «Дня открытых дверей» управления
санитарно - эпидемиологического контроля Казалинского
района**

№	Наименование органа	Дни время проведения	Место проведения
1	Управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района	Последняя пятница месяца с 9.00 до 18.00ч	Кент Айтеке би, ул. Жалантос батыра №42

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.